

Түрі:дәстүрлі(тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Қатысқандар:барлық педагогтер, медбике

КҮН ТӘРТІБІ

1. 1.Педагогикалық кеңес құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
- 2.Бөбекжай педагогикалық ұжымын жай педагогикалық ұжымын 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Индикатор жүргізуде қолданылатын дидактикалық құралдарды таңдау.
- 3.Оқыту тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Заттық дамытушы орта. Топтардың оқы жылына дайындығы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңес құрамын бекіту және хатшысын сайлау мәселесі қаралды.

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде Тулекова М.А. сайлауды ұйғарды.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесте бөбекжай меңгерушісі сөз алып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының маңызды екенін атап өтті. Ол барлық топтарда оқу-тәрбие жұмысы жоспарға сай, жүйелі түрде жүргізілуі керек екенін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Тәрбиеші Ж.Набиева сөз алып, топтардың оқу жылына дайындығы туралы пікірлерін білдірді. Олар балаларға қолайлы орта жасау, ойын арқылы оқыту және дамытушы ортаны жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Айшуакова Р.А.: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша оқу-тәрбие процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасына және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.»

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Айшуакова Р.А.:Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздеріне тоқталды. Ол оқу-тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» және соған сәйкес әзірленген үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп жүзеге асырылатынын атап өтті.

Бұл құжаттарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру мазмұны, оқу жүктемесі, күтілетін нәтижелер және тәрбие бағыттары нақты көрсетілгенін түсіндірді. Сонымен қатар оқу процесін жоспарлау үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізілетінін, педагог әр баланың даму деңгейін ескере отырып жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

Одан әрі педагогикалық технологияларға тоқталып, оқу-тәрбие процесінде ойын арқылы оқыту, дамытушы оқыту технологиясы, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, проблемалық оқыту элементтері және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылатынын жеткізді.

Бұл технологиялардың балалардың танымдық белсенділігін арттырып, сөйлеу, ойлау, қиял және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Сонымен бірге педагогтарға оқу бағдарламасын жүйелі түрде орындап, балалармен жеке және топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру қажеттігін ескертті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Айшуакова Р.А.: Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтті. Ол мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт деңгейінде білім беру мазмұнын сапалы іске асыру педагогикалық технологияларды тиімді қолдануды міндеттейтінін түсіндірді.

Сонымен қатар педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыру, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, оқу қызметін қызықты әрі нәтижелі өткізу маңызды екенін айтты. Оқу процесінде ойын арқылы оқыту, дамытушы оқыту технологиясы, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, проблемалық оқыту элементтері және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу қажеттігін жеткізді.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

5.Көрме ұйымдастырылды. Топтардың оқу жылына дайындығы қаралды. (Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері)

Шешім:

1. Педагогикалық кеңес құрамы бекітіліп, хатшысы болып Тулекова М.А сайлансын. Педагогикалық кеңес шешімі хаттамаға сәйкес рәсімделсін.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі, перспективтік жоспар және балалардың күн тәртібі бекітілсін. Индикатор жүргізуде қолданылатын дидактикалық құралдар педагогикалық талаптарға сай іріктеліп, оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде қолданылсын.
Орындалу мерзімі: 2023–2024 оқу жылы бойы.
3. Оқыту-тәрбиелеу процесі ҚР БҒМ бекіткен нормативтік құжаттар мен мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын. Педагогикалық технологияларды (ойын арқылы оқыту, дамытушы оқыту, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, АКТ) тиімді енгізу қамтамасыз етілсін.
Орындалу мерзімі: 2023–2024 оқу жылы бойы тұрақты.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітіліп, оларға оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктелсін.
Орындалу мерзімі: 2023–2024 оқу жылы бойы тұрақты бақылауда.
5. Топтардың заттық-дамытушы ортасы мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес толық жаңартылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы орта жүйелі түрде жетілдіріліп отырсын.
Орындалу мерзімі: 2023–2024 оқу жылы бойы тұрақты.
6. Барлық педагогтар бекітілген жоспарлар мен бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етіп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізсін.
Орындалу мерзімі: 2023–2024 оқу жылы бойы.



Төрайым

Г.Н. Исханова

Хатшы

Тулекова М.А.

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес.Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін тәрбиелеу мен оқытуда халық ауыз әдебиетін тиімді қолдану жолдарын қарастыру, педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру және ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Қатысушылар: Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-мамандар.

КҮН ТӘРТІБІ

«Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы»

1. №1 пед.кеңестің шешімін орындау.
2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы.
3. «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» баяндама.
- 4 Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.
- 5.«Тәуелсіздік тұғырым» бөбекжайда көрме ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды: Әдіскер сөз алып, №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді.

Өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмаларға сәйкес тәрбиешілер өз топтарында білім беру қызметін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізгені айтылды. Топтардың құжаттары тексеріліп, күнтізбелік жоспарлардың уақытылы толтырылып отырғаны анықталды. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар мен көрнекіліктер жаңартылған.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар да өз нәтижесін көрсеткен. Әр топта ата-аналар жиналыстары өткізіліп, бала тәрбиесіне байланысты кеңестер берілген.

Сұрақтар қойылып, пікір алмасу жүргізілді.

2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы

Тыңдалды: Әдіскер Айшуакова Р.А салыстырмалы бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Тексеру барысында ересек және мектепалды топтарындағы сөйлеуді дамыту жұмыстары сараланғаны айтылды. Балалардың сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуі, көркем әдебиетке қызығушылығы салыстырмалы түрде талданған.

Нәтижесінде көптеген балалардың тапқақтарды мәнерлеп айтуға қызығушылығы жоғары екендігі анықталды. Сонымен қатар кейбір топтарда мақал-мәтелдерді қолдану жұмыстары жеткіліксіз екендігі байқалған.

Тексеру қорытындысы бойынша педагогтердің жұмысына оң баға беріліп, кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар берілді.

3. «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» баяндамасы

Тыңдалды: Тәрбиеші Сағынғали Ә.Е баяндама оқыды.

Баяндамашы халық ауыз әдебиеті – халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы екенін атап өтті. Баланы тәрбиелеуде ертегілердің, мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, жаңылтпаштардың орны ерекше екендігі айтылды.

Ертегілер арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Мақал-мәтелдер баланың ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын байытады. Ал жұмбақтар мен жаңылтпаштар баланың тілін дамытып, логикалық ойлауына ықпал етеді.

Баяндамашы өз тәжірибесінен мысалдар келтіріп, балалардың ертегілерді сахналауға ерекше қызығушылық танытатынын айтты.

Бағдарлама соңында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңыздылығын атап өтті.

4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тыңдалды: Тәрбиеші: Салиоллина А.Г. Сауат ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсетті.

Оқу қызметі барысында балалар шаттық шеңберіне тұрғызып, берілген сұрақтарға ойланып дұрыс жауап беруіне дағдыландырды. Сауат ашу ойын арқылы ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту. Балалар жұмбақ шешіп, мақал-мәтелдерді жалғастырды. Сергіту сәтінде ұлттық ойын элементтері қолданылды.

Сабақ барысында балалардың белсенділігі жоғары болды. Олар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, өз ойларын еркін жеткізе білді.

Талдау барысында педагогтер оқу қызметінің әдістемелік жағынан дұрыс құрылғанын атап өтті.

5. «Тәуелсіздік тұғырым» бөбекжайда көрме ұйымдастыру туралы

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Бижанова Г.Н алдағы Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған көрме ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасады.

Көрменің мақсаты – балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу және ата-аналардың бөбекжай өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Көрмеге балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыстары қойылатыны айтылды. Қолөнер бұйымдары, суреттер, макеттер, ұлттық нақыштағы шығармашылық жұмыстар қабылданады.

Көрме өткізу мерзімі мен жауапты педагогтер бекітілді.

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

1. Шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Салыстырмалы тексеру нәтижесінде анықталған ұсыныстар жұмыс барысында ескерілсін.
3. Халық ауыз әдебиетін оқу-тәрбие процесінде жүйелі пайдалану жалғастырылсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тәжірибесі педагогтер арасында таратылсын.
5. «Тәуелсіздік тұғырым» көрмесі жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер мен меңгерушіге жүктелсін.

Төрайым:  Бижанова Г.Н

Хатшы:  Тулекова М.А



Орал қаласы

17 қаңтар 2024жыл

Түрі:дәстүрлі(тұрақтандыру

Тақырыбы: «Ойын – таным мен дамудың бастауы»

Өткізу формасы: іскерлік пікір алмасу, тәжірибе бөлісу

Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық, тілдік, дене және әлеуметтік дамуын жетілдірудің тиімді жолдарын қарастыру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру

КҮН ТӘРТІБІ

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Баяндамашы: әдіскер Айшуакова Р.А.:

Әдіскер педагогикалық кеңестің жұмысын ашып, №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталды. Өткен кезеңде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім беру ортасын жаңарту және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Топтарда ұйымдастырылған оқу қызметтері мен еркін ойын әрекеттеріне бақылау жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілген. Педагогтер жоспарланған іс-шараларды уақытылы орындап, балалардың даму көрсеткіштерінде оң нәтижелер байқалғаны айтылды

2. Бақылау және басшылық. Жан-жақты тексерудің қорытындысы (жартыжылдық мониторинг нәтижесі)

Баяндамашы: меңгеруші: Бижанова Г.Н

Меңгеруші жартыжылдық мониторинг қорытындыларына жан-жақты талдау жасады. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының даму деңгейлері анықталғанын айтты.

Тексеру барысында педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын орындауы, дамытушы ортаның ұйымдастырылуы, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиелік жұмыстың сапасы қарастырылғаны баяндалды.

Мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінде жоғары және орташа даму деңгейі байқалған. Сонымен қатар кейбір балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу және ұсақ қол моторикасын дамыту бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

Меңгеруші әр педагогтің жұмысына талдау жасап, алдағы кезеңде білім беру сапасын арттыру бойынша нақты міндеттер жүктеді.

3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштеріне сараптау»

Баяндамашы: медбике Маликова А.С

Медбике балалардың денсаулық жағдайы мен дене дамуының көрсеткіштері туралы есеп берді.

Есеп барысында тәрбиеленушілердің бойы, салмағы, дене дамуының жас ерекшелігіне сәйкестігі, денсаулық топтары бойынша сараптама жасалды.

Медициналық бақылау нәтижесінде балалардың көпшілігінің денсаулық көрсеткіштері қалыпты деңгейде екені анықталған. Сонымен қатар маусымдық аурулардың алдын алу, дұрыс тамақтану, дене белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

Медбике ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту, күн тәртібін сақтау және сауықтыру шараларын жалғастыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

4. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту»

Баяндамашы: тәрбиеші: Набиева Ж.Ж

Тәрбиеші өз баяндамасында мектепке дейінгі кезеңдегі ойынның баланың сөйлеу тілін дамытудағы ерекше рөліне тоқталды.

Ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес» деген сөзін негізге ала отырып, ойын арқылы баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары дамитынын атап өтті.

Баяндама барысында: дидактикалық ойындар; сюжеттік-рөлдік ойындар; саусақ ойындары; ұлттық ойындар; логикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту жұмыстары көрсетілді.

Тәрбиеші тәжірибесінен мысалдар келтіріп, ойын кезінде балалардың еркін қарым-қатынас жасап, өз ойын толық жеткізуге үйренетінін дәлелдеді.

5. «Ойын әрекетіндегі жаңашылдық»

Баяндамашы: тәрбиеші: Сапиоллина А.Г

Тәрбиеші қазіргі білім беру кеңістігіндегі инновациялық ойын технологиялары туралы баяндама жасады. Өз сөзінде А.С.Макаренконың: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор. Үлкендер үшін еңбек қандай маңызды болса, бала үшін ойын сондай маңызды» деген пікірін келтірді.

Баяндамада: STEM элементтері бар ойындар; интерактивті ойындар; квест технологиялары; құм терапиясы; робототехника элементтері; зерттеушілік ойындар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірибесі ұсынылды.

Педагог инновациялық ойындардың балалардың қызығушылығын арттырып, өздігінен ізденуіне, мәселені шешу қабілетінің дамуына ықпал ететінін атап өтті.

1. Шешімі:

2. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
 3. Жартыжылдық мониторинг қорытындысы бойынша балалардың даму көрсеткіштерін жақсарту мақсатында жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
 4. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде жалғастырылсын.
 5. Барлық жас топтарында балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойын технологияларын кеңінен қолдану қамтамасыз етілсін.
 6. Педагогтер оқу-тәрбие процесінде инновациялық ойын технологияларын тұрақты түрде енгізсін.
 7. Әр топта баланың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған дамытушы ойын ортасы толықтырылсын.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау міндеті әдіскер Айшуакова Р.А.: жүктелсін.

Торайым:  Бижанова Г.Н

Хатшы:  Тулекова М.А



Орал қаласы

5 наурыз 2024жыл

Түрі:дәстүрлі(тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері»

Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Қатысқандар:барлық педагогтер, медбике

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын жетілдіруде ұлттық ойындардың маңызын айқындау, педагогтердің тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету және ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы баланың жан-жақты дамуына ықпал ету.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №3 пед.кеңестің шешімін орындау.

2. Бақылау мен басшылық. Жан жақты тексеру.

3. Баяндама «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері»

4. Ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

5. Түрлі мәселелер.№3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Баяндамашы: әдіскер: Айшуакова Р.А.:

Әдіскер сөз алып, №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына талдау жасады. Өткен педагогикалық кеңестің тақырыбы «Ойын – таным мен дамудың бастауы» болғанын еске сала отырып, қабылданған шешімдерге сәйкес барлық топтарда ойын технологияларын тиімді пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Тәрбиешілер оқу қызметтерінде дидактикалық, ұлттық, сюжеттік-рольдік ойындарды жүйелі қолданған. Нәтижесінде балалардың сөздік қорының артуы, өз ойын еркін жеткізуі және қарым-қатынас жасау дағдыларының жақсаруы байқалған.

Әдіскер жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша педагогтердің шығармашылық ізденісі артқанын, топтардағы дамытушы ортаның толықтырылғанын айтты.

Сөз соңында қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деңгейде екенін жеткізді.

Бақылау мен басшылық. Жан-жақты тексеру қорытындысы

Баяндамашы: меңгеруші: Бижанова Г.Н

Меңгеруші балабақшада жүргізілген жан-жақты тексерудің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру барысында төмендегі бағыттар қамтылғанын айтты:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сапасы;
- балалардың даму мониторингі;
- тәрбиешілердің жоспарлау жұмыстары;
- құжаттардың жүргізілуі;
- қауіпсіздік талаптарының сақталуы;
- ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар;
- пәндік-дамытушы ортаның ұйымдастырылуы.

Талдау нәтижесінде педагогтердің білім беру қызметін талапқа сай ұйымдастырып отырғаны анықталды.

Сонымен қатар кейбір топтарда балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қиын-қозғалыс белсенділігін арттыру бағытында жұмыстарды күшейту қажеттілігі айтылды.

Меңгеруші педагогтерге кәсіби біліктілікті арттыру бағытында үздіксіз ізденіс жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Ұлы ағартушы **Ыбырай Алтынсариннің:**

«Балалармен қысқа, ашуланбай, байсалды сөйлесу керек, әрбір затты ықыласпен түсіндіру керек» деген сөзін келтіріп, әр педагог баланың жүрегіне жол таба білуі керектігін айтты.

3.«Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері»

Баяндамашы: дене шынықтыру нұсқаушысы: Қарабасова А.С

Дене шынықтыру нұсқаушысы ұлттық ойындардың тәрбиелік және дамытушылық маңызы туралы баяндама жасады.

Баяндамашы өз сөзін қазақ халқының көрнекті ағартушысы **Ахмет Байтұрсынұлының**:

«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»

деген сөзімен бастады.

Баланың денсаулығы – мемлекеттің болашағы екендігін атап өтіп, мектепке дейінгі кезеңде дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың маңызына тоқталды.

Ұлттық ойындар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұрасы. Олар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар денені шынықтыратын, ойлау қабілетін дамытатын және ұлттық рухты қалыптастыратын тәрбие құралы болып табылады.

Ұлттық ойындардың негізгі мақсатын айтып өтті. Көрнекті педагог **В.А.Сухомлинский**:

«Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес»

деп ойынның бала өміріндегі ерекше орнын көрсеткен.

Ұлттық ойындар арқылы бала өз халқының мәдениетімен танысып, тарихи құндылықтарын меңгереді.

Баяндама барысында төмендегі ойындардың маңызы айтылды:

«Арқан тарту»

Бұл ойын балалардың күш-қуатын арттырады, төзімділікке тәрбиелейді және бірлесіп әрекет етуге үйретеді.

«Ақсерек – көксерек»

Балалардың жылдамдығын, батылдығын, ептілігін дамытады. Командалық рух қалыптастырады.

«Орамал тастамақ»

Зейінділік пен шапшаңдықты жетілдіреді.

«Тенге алу»

Қозғалыс үйлесімділігін дамытып, ептілікке тәрбиелейді.

«Хан талапай»

Балалардың саусақ моторикасын, ойлау қабілетін және жылдам шешім қабылдауын дамытады.

«Соқыр теке»

Кеңістікті бағдарлау және есту қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Нұсқаушы ұлттық ойындарды тандау кезінде балалардың жас ерекшелігі, қауіпсіздігі және денсаулық жағдайы міндетті түрде ескерілуі керектігін атап өтті.

Сөз соңында қазақ халқының батыры, жазушы **Бауыржан Момышұлының**:

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»

деген қанатты сөзін келтіріп, дене тәрбиесі арқылы тәртіп пен жауапкершілік қалыптасатынын айтты.

4. Ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау

Сөйлеуші: әдіскер: Айшуакова Р.А

Әдіскер өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне талдау жасады.

Оқу қызметі барысында балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығы жоғары болғаны байқалды.

Педагог оқу қызметінің мақсаты мен міндеттерін толық орындап, көрнекіліктер мен әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланған.

Талқылау барысында педагогтер өз пікірлерін білдірді.

Тәрбиеші Сағынғали Ә.Е сөз сөйледі:

Балалардың белсенділігі жоғары болғанын, ұлттық ойындарды қолдану арқылы тәрбиелік мақсаттардың толық орындалғанын айтты.

Тәрбиеші: Набиева Ж.Ж сөз сөйледі:

Оқу қызметінде ойын мен қимыл-қозғалыстың тиімді үйлескенін және балалардың қызығушылығының артқанын атап өтті.

Тәрбиеші: Сапиоллина А.Г сөз сөйледі:

Ұлттық ойындарды барлық білім беру салаларымен кіріктіріп өткізу тиімді нәтиже беретінін айтты.

5. Түрлі мәселелер

Меңгеруші: Бижанова Г.Н сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары туралы айтты.

Балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулықтарын нығайту және жазғы кезеңде ұлттық ойындарды көбірек ұйымдастыру қажеттілігіне тоқталды.

Медбике Маликова А.С сөз сөйледі

Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау, күн тәртібін ұйымдастыру және жарақаттанудың алдын алу шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жан-жақты тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты іс-шаралар жоспары құрылсын.
3. Барлық жас топтарында дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ұлттық ойындарды жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін.
4. Ұлттық ойындардың әдістемелік картотекасы толықтырылып, педагогтердің тәжірибесіне енгізілсін.
5. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған спорттық мерекелер мен ойын-сауық шаралары көбейтілсін.
6. Жазғы сауықтыру кезеңінде ұлттық ойындарды ұйымдастыру жоспары бекітілсін.
7. Қарарданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер Айшуакова Р.А жүктелсін.

Төрайыбы:

Г. Нур - Бижанова Г.Н

Хатшы:

Тулекова М.А



Орал қаласы

31 мамыр 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМ ЖҰМЫСЫНЫҢ
НӘТИЖЕЛІЛІГІ»

Мақсаты: Оқу жылы барысында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының сапасына талдау жасау,
үлгілік оқу бағдарламасының меңгерілу деңгейін анықтау, педагогтердің кәсіби қызметінің
нәтижелілігін бағалау және жаңа оқу жылына басым бағыттарды белгілеу.

Педагогикалық кеңес түрі: Қорытынды педагогикалық кеңес.

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

2. 2023-2024 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың
біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

3. Топтардың жылдық есептері

4) 2023-2024 оқу жылының қорытындысы туралы сауалнама.

5) Педагогикалық кеңес шешімі.

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Баяндамашы: әдіскер: Айшуақова Р.А

Әдіскер педагогикалық кеңес жұмысын ашып, №4 педагогикалық кеңесте қабылданған
шешімдердің орындалуына жан-жақты тоқталды. Өткен педагогикалық кеңестің тақырыбы «Дене
тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» болғанын атап өтіп, оқу жылының екінші
жартысында барлық топтарда ұлттық ойындарды білім беру процесіне енгізу бойынша жүйелі
жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, серуендерде, спорттық мерекелер мен
сауықтыру шараларында қазақ халқының ұлттық ойындарын тиімді пайдаланды. Жыл
бойы: «Арқан тарту»; «Ақсерек-көксерек»; «Тенге алу»; «Орамал тастамақ»; «Хан талапай»;
«Соқыр теке» сияқты ұлттық ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып
отырды.

Нәтижесінде тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс белсенділігі артып, денсаулық көрсеткіштері
жақсарды, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары қалыптасты.

Әдіскер педагогтердің шығармашылық белсенділігі жоғарылағанын, ашық оқу қызметтері мен
тәжірибе алмасу жұмыстарының жүйелі жүргізілгенін атап өтті.

Сөз соңында қабылданған шешімдердің толық көлемде орындалғанын баяндады.

**2. 2025–2026 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын
балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы**

Баяндамашы: әдіскер: Айшуақова Р.А

Әдіскер балалардың оқу жылы бойынша жетістіктерін көрсететін мониторинг қорытындысына
толық талдау жасады.

Балалардың даму деңгейлері Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бағаланғанын айтты.

Мониторинг төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді:

Дене дамуы. Балалардың негізгі қимыл-қозғалыс дағдылары

қалыптасқан. Тәрбиеленушілер: жүгіру; секіру; өрмелеу; тепе-теңдікті сақтау; доппен орындалатын
жаттығуларды орындау дағдыларын жас ерекшеліктеріне сәйкес меңгерген

Коммуникативтік дағдылар: Балалардың сөздік қоры едәуір артқан. Көптеген
тәрбиеленушілер: өз ойын толық жеткізе алады; сұрақтарға жауап береді; қарапайым әңгіме
құрастырады; көркем әдебиет шығармаларын мазмұндай алады.

Танымдық және зияткерлік дағдылар Балалар қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтіп,
логикалық ойлау, салыстыру, зерттеу әрекеттерін орындауда жақсы нәтижелер
көрсетті. **Шығармашылық дағдылар** Балалар: сурет салу; мүсіндеу; жапсыру; музыка қызметтері
бойынша жоғары қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттерін дамытты. **Әлеуметтік-
эмоционалдық дағдылар** Балалардың өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауы, үлкендерді
сыйлауы, өзін-өзі ұстау мәдениеті қалыптасқан. Әдіскер ұлы педагог

В.А. Сухомлинскийдің: «Балалық шақ – адамның рухани дамуының қайнар бұлағы» деген сөзін
келтіріп, баланың әр жетістігінің артында педагогтің қажырлы еңбегі тұрғанын атап
өтті. Мониторинг қорытындысы бойынша балалардың басым көпшілігі жоғары және орта деңгей
көрсеткен. Бұл көрсеткіш педагогикалық ұжымның оқу жылы бойы атқарған жүйелі жұмысының

нәтижесі екені айтылды.

3.Топтардың жылдық есептері

Сөйлеушілер: барлық топ тәрбиешілері

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі: Набиева Ж.Ж, Сапиоллина А.Г,Сағынғали Ә.Е

Тәрбиеші оқу жылы барысында балалардың балабақшаға бейімделуі табысты өткенін айтты.Балалардың:мәдени-гигиеналық дағдылары; өзін-өзі күту әрекеттері; қарапайым қарым-қатынас жасау қабілеттері айтарлықтай дамығанын баяндады.Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылған.

Балалардың танымдық белсенділігінің артқанын, сөйлеу тілінің дамуы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізілгенін айтты.Жыл ішінде:мерекелік іс-шаралар; ашық оқу қызметтері; шығармашылық көрмелер; спорттық жарыстар жоғары деңгейде өткізілген.

Балалардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін айтты.Балалар өздігінен жұмыс жасауға, пікір айтуға, шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйренген.

Топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы жоғары деңгейде қалыптасқанын айтты.Балалар:дыбыстық талдау жасау; қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеру; байланыстырып сөйлеу; оқу әрекетіне қызығушылық таныту бойынша жақсы нәтижелер көрсеткен.

4.2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері қатысқан ата-аналардың басым бөлігі балабақша жұмысына оң баға берген.Атап айтқанда:балабақшадағы қауіпсіздік жағдайы; тәрбиешілердің кәсібилігі; оқу-тәрбие жұмысының сапасы; балалардың жетістіктері; мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуыжоғары бағаланған.Ата-аналар педагогтерге алғыстарын білдіріп, балалардың дамуындағы оң өзгерістерді ерекше атап өткен.Әдіскер қазақ педагогикасының негізін қалаушылардың бірі **Мағжан Жұмабаевтың**:«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым есі болуды тілейтін өнер»деген сөзін келтіріп, тәрбиеші еңбегінің қоғам үшін аса маңызды екенін айтты.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Меңгеруші: Бижанова Г.НМеңгеруші педагогикалық ұжымға оқу жылы бойы атқарған еңбектері үшін алғысын білдірді.Ұжымның бірлескен жұмысының нәтижесінде балалардың білім сапасы артып, тәрбиелік жұмыстардың тиімділігі жоғарылағанын айтты.Ұлы ағартушы **Ахмет Байтұрсынұлының**:«Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы»деген сөзін келтіріп, балабақшаның жетістігі әрбір педагогтің кәсіби еңбегіне байланысты екенін атап өтті.Сонымен қатар жана оқу жылында:білім беру сапасын арттыру; инновациялық технологияларды енгізу; педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру; ата-аналармен серіктестікті нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылатынын айтты.

Шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы және балалардың даму көрсеткіштері жақсы деңгейде деп бағалансын.
3. Балалардың білім, білік және дағдыларының даму мониторингінің қорытындылары педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесі ретінде қабылдансын.
4. Топ тәрбиешілерінің жылдық есептері назарға алынсын.
5. Педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану тәжірибелері жаңа оқу жылында жалғастырылсын.
6. Балалардың коммуникативтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жетілдірілсін.
7. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілсін.
8. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын.
9. 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмысы «**жақсы**» деп бағалансын.
10. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г. Бижанова Бижанова Г.Н

Хатшы: М.А. Тулекова Тулекова М.А

